

# Қарағанды тас көмірін алғаш тапқан

## Апақ Байжанов туралы алып-қашты әңгімелер төңірегінде

Қарағанды көмір ошағының тарихы туралы айтылмаған әңгіме, жазылмаған жайлар қалдмағандай көрінгенімен, тарих дөңгелегі алға жылжыған сайын қазыналы өңірге қатысты тың деректер мен соны тұжырымдар, қилы жорамалдар, жұмбақ жайлар да алдымыздан шығып жатыр. Бұл заңды құбылыс, себебі уақыт озған сайын талап та өседі, қоғамдағы өзгерістерге орай түсінік те, талғамда жаңа сипат алады. Соның бірі соңғы он-он бес жыл мұғдарында бұқаралық ақпарат құралдарында арагидік болса да қылаң беріп қалып жүрген, Қарағандының таскөмірін ең алғаш кім тапты деген әңгіме.

Біз бүгін өткен күнцер сорабына үніліп, осы жайды тағы бір шиырлап, биыл туғанына 180 жыл толғалы отырған (қазіргі энциклопедиялық шығармалардағы дерек бойынша) өсімі Қарағанды көмірін алғаш табушы ретінде тарихқа енген қойшы бала Апақ жайында, оның ұрпақтары туралы сөз етпекпіз.

Қарағандының тарихы дегенде алдымен қазақ әдебиетінің дарабозы, академик-жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы еске түседі. Романдағы «...Игіліктің қойын бағып жүріп, Байжанның баласы Апақ суыр інінен шыққан жылтыр қара тас көмірге кездесті. Салпақтатып суырын, қойнына толтырып тас көмірін әкесіне әкеліп берді. Байжекең суырдың інін тереңдетіп қазып көрсе, әр жағы сіресіп жатқан тас көмір екен» деген жолдар Қарағанды тас көмірінің алғаш қалай табылғанынан мағлұмат береді.

Иә, Апақ ойдан шығарылған емес, өмірде болған тұлға. Қазір көмірлі Қарағандыда Апақ ұрпақтары да бар. Солардың ішінде арғы-бергі тарихты жете білетін, әрі атақты атасы жайындағы деректерді тірнектей жинап, көзінің қарашығындай сақтап жүрген, Апақ Байжанов ұрпағының қазіргі ақсақалы Тұрсын Омаровпен жолығуымыздың сәті түсті.

Кешегі Кеңес заманының саясатына икемделіп Апақ тақыр кедейдің баласы, ұзақты күнін қой соңында өткергөн жалшы ретінде ұғындырылып келгені белгілі. Бұл қалыптасқан пікірдің кате екендігін Тұрсекеңнің осы өңір мен оны мекендеген жандар, ата-бабалары туралы еріден шиырлаған әңгімесі нақтылай түсті.

Осы бір құйқалы өңірді, үсті мыңғырған мал, асты мол қазына өлкені Сармантай елі, Апақтың бабалары мекендеген. Қазіргі Қарағандының орны мен оның маңындағы кең алқапты жергілікті тұрғындар «Жеті құдық» деп атаған. Соның ішінде Қызылқұдық қазіргі Доскей аулы, Қарақұдық, бұрынғы «Көктал» совхозының орталығы, Жалғызқұдық сол совхоздың бөлімшесі болған елдімекен, Тоғызқұдық Кузнецкий совхозының орталығы, Майқұдық осы күнгі Майқұдығымыз, Қымызқұдық Көкталдың бөлімшесі, Аққұдық Кузнецкий совхозының бөлімшесі қоныстанған жер екен.

Тұрсынның айтуынша, Апақтың әкесі Байжан Тоқтамысұлы анау айтқандай тақыр кедей емес, өз шаруашылығын өзі дөңгелеткен орта шаруа болыпты. Осы өлкедегі 17 мың жылқы біткен Жұман бай, 12 мың жылқыны алдына салған Игілік бай Байжанның алдын орағытып өтпеген, небір жиын, алқалы бас қосуда Байжекеңді қатыстырып, әрі оның сөзіне ден қойып отырғанға ұқсайды. Орақ ауыз, от тілді Байжан өзінің шешендігімен, ненің болмасын әділіне жүгінетіндігінен болар ел ішінде «Қараби» атаныпты. Айдаған мындары болмаса да, карасөзде ешкімге дес бермепті. Алқалы бір отырыста Жұман бай өзінің байлығын айтып асып-тасқан бір сәтте Байжан «Ау, Жүмеке, мыңғырған малым бар деп мақтанасың, ер бір оқтық, мал бір жұттық деген емес пе, о дүниеге алып кетпессің, қалар артыңда» деп, мысын басыпты дейді.

Көшелі қария, еліне сыйлы, баршаға құрметті болған Байжаннан төрт ұл бала тарайды. Олар Байғана, Қожабек, Кенжебек және кенжесі Апақ екен. Байжанұлы Апақ өмірін

зерттеушілердің бірқатары бұл есімнің оның азан қойып аталған аты емес, сірә, жеңгелерінің, құрбы-кұрдастарының еркелетіп қойған лақап есімі болар деген болжам жасайды. Бұл пікірді біз де жоққа шығара алмаймыз. Апақтың қой жайып жүріп, болмаса ауыл баласы ретінде тау-тасты, ой-қыратты, сай-саланы кезген шағында суыр інінен шығып жатқан кара тасты да кездестіруі мүмкін. Сірә, оның күн көзімен шағылысып, ерекше бір түрге еніп жылтырауы, баланы қызықтыруы да заңды. Ал, тас көмірді қолға алған адамның қарақожа лақ болатыны белгілі. Баланың жеңгелері алдында қара күйе болып жүруінен, оған еркелете қойған «әппағым» деген жанама атаудың көпшілікке сіңісті болып, кейін оның шын атын ұмыттырып та жіберуі мүмкін...

Апақтан Омар және Оспан есімді екі бала тарайды. Кішісі Оспан 1946 жылы қайтыс болыпты. Ал Омар ақсақал 1969 жылы 89 жасында дүниеден озады, Қарқаралы өңірінде жерленген. Омекеннен Зекен, Тұрар, Тұрсын, Шолпан және Айман есімді ұл-қыз тараған. Тұрар 36 жасында қайтыс болады.

Өзіміз жолыққан Тұрсын 1937 жылы қазіргі Бұқар жырау ауданының Қызылқұдық деген жерінде өмірге келіпті. Қарағандыдағы №2 мектеп-интернатты 1956 жылы бітірген ол, Армия қатарындағы азаматтық парызын өтеген соң, Қарқаралы мал дәрігерлік техникумын, кейін Целиноград ауыл шаруашылық институтын тәмамдаған. Комсомол, совет қызметтерінде болған. Облыстық деңгейдегі түрлі басшы қызметтерді атқарған. Бүгінде бес бала өсіріп, тәрбиелеп, 11 немере сүйіп отырған Түрсекең зейнеткер. Қаламызда, сондай-ақ Апақ Байжановтың жиендері тұрып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, Қарағанды таскөмірін алғаш табушы ретінде есімі тарихта қалған Апақтың ұрпақтары бүгінде ортамызда.

Апақ есімі Қарағандымен қоса аталады. Бабаның есімі көркем шығармаларға да арқау болды, суретшілер мен мүсіншілер қиялынан туындаған оның бейнесі де қағазға түсіріліп, мүсіні де жасалды. Соның ішінде Қарағанды қаласында 1999 жылы Апақ Байжановқа арналған ескерткіштің ашылуын ерекше оқиға деп бағалау қажет. Мұны тарихымызға деген құрмет, өткенге ізетпен қарау, бабалар рухын асқақтату деп танимыз. Осы орайда қазыналы Қарағандының мерекесімен қоса өріліп, биыл туғанына 180 жыл толатын Апақ Байжанұлы есімі осылайша ұрпақтан-ұрпаққа ұласа бермек деп әңгімені доғарсақ та болар еді.

Алайда сөзіміздің басында айтып кеткендей, соңғы жылдар ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде қылаң беріп жүрген қыңқыл сөздер, шынында да Қарағанды көмірін алғаш тапқан Апақ па деген дудәмалға жауап беру үшін әңгіме одан әрі сабақтастыруды тілейді.

Апақ есімі алдымен жалпақ жұртқа Ғабенің жоғарыда аталған белгілі романы арқылы жайылды десек, онымызды ешкім жоққа шығармас деп ойлаймыз. Ал жазушы да ол деректі аспаннан алмаған, Қарағанды аймағы туралы шығармасын жазуға материалдар іздестіргенде ел адамдарынан естігендерін, одан соң сол кезде тасқа басылып үлгерген деректерді дәйек ретінде алады. Құрғақ. деректі жазушы өз ой-қиялы арқылы жандандырып, оған көркемдік сипат беріп халыққа жеткізеді. Осы орайда, қалай демейік, көркем шығармада айтылғандардың бәрі бірдей тарихи дәлдікті сақтайды деуге болмайды. Көркем шығарма болған соң оған ондай міндет жүктелмейді де, қай жазушының болсын өзі арқау еткен тақырыпты ашуы, әрі оқырманға қызғылықты, тартымды етіп жеткізу үшін жанама кейіпкерлерді өз қиялы арқылы қосуы заңды. Әйтпесе ол шығарма жалаң, тек құрғақ деректердің басын қосып, құрастырған жылнама ретінде қалар еді. Сондықтан да болар еткеннің әр сәтін жіпке тізетін тарихшылар көркем шығармаларда айтылғандарды бағыт-бағдар ретінде алғанымен, нағыз тарихи дерек деп қабылдамайды. Сондықтан да Апақтың өмірде болған тарихи тұлға екенін мойындаса да, оның Қарағанды көмірін алғаш тапқанына күдікпен қараушылар Ғабенің шығармасындағы айтылғандарды тарихи нақты дерек деп қабылдай қоймайды.

Ойымызды өрбітіп, мәселенің анық-қанығын бағамдау үшін одан әріге үңілеміз. Облыс тарихын зерттеушілердің бірі, танымал қаламгер Тілеухан Жүсіпов пен белгілі өлкетанушы, Қарағанды өңірі туралы жинаған мод деректерін Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінің қорына тапсырған Юрий Попов Қарағанды көмір кенінің ашылғанына 150 жыл толуына орай Апақ Байжанұлы туралы деректі 1983 жылы облыстық қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдарға тағы бір мәрте жариялаған. Осы авторлар өз мақаласында «Қарағанды көмірінің ашылуы және соған қатысты Апақ аты алғаш рет 1937 жылы «Наша страна» журналында көрсетілген екен. Журналда И.Ракитиннің «Қарағанды» деген мақаласы басылған» дейді. Атауына қарасақ, бұл журнал Одақтық басылым болғанға ұқсайды, яғни осы жазбаларға сүйене отырып, Апақ есімін алғаш рет кең байтақ Совет еліне жария еткен Ракитин деген тұжырым жасауымызға болады.

«Апақ Қарағанды көмірін алғаш тапқан адам ба» деп дүдәмалданып жүргендердің бұл сөзге де тоқтамауының мынандай сыры бар. Бұған дейін Ракитин айтып отырған дерек республикалық басылымдар бетінде жарияланған екен. Яғни Ракитин мақаласын Одақтық басылымға арнап жазғанда өзінен 5 жыл бұрын, атап айтқанда 1932 жылы Мәжит Дәулетбаев пен Абдолла Асылбековтің республикалық басылымдарда жарық көрген мақаласына сүйенген деген болжам жасайды. Тарих дегеніңіз «Дейді екендер дейді екенге» емес, нақты деректі ғана мойындайтын ілім екендігін ескерсек, тағы да табанымыз тайғанақтап, нақты дәйек таба алмай қобалжимыз.

Рас, сол 1932 жылдың шілде айында Қарағандыға жазушы Мәжит Дәулетбаев пен Абдолла Асылбеков келген, олар Омар Байжановпен, ел адамдарымен кездесіп Апақ туралы барлық мәліметтерді қағаз бетіне түсірген, сөйтіп Апақтың Қарағандыбасы деген өңірден алғаш болып таскөмірді тапқандығын дәлелдеген. Соған қарамастан «олардың жазғандары тек ел аузындағы сөз, дерегі жоқ құр болжамға ғана арқа сүйеген», - деп Қарағанды көмірін алғашқы табушы деген атақты Апаққа қиғысы келмейтіндер тағы жеңістік бермейді.

Осы мәселені баспасөз бетіне шығарып, орыс тілді басылымдарға бірнеше мақаласын жариялатып үлгерген, бір кезде Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінің оқытушысы болған, өлкетанушы Болат Әубәкіров өзі айтқандай, тарихта шындықтың орнығуы үшін, көңілдерде күдік пен дүдәмалдың қалмауы үшін, мәселенің анық-қанығын тарих кеші ілгеріге кешпей тұрғанда, кешегінің көнекез куәлері ортамызда жүргенде анықтап алайық дегенмен шектелсе құба-құп дер едік. Алайда жанға бататыны осы жорамалға басқаша рең беріп, ұлттық мақтанышқа қылаң түсіруді ниет етушілердің барына налысың. Әрине, өлкетанушы Әубәкіровтің сөзі, келтірген уәждері түбімен қате, теріс деуге болмайды. Рас, Сарыарқаның иен даласында жанатын тасты Апақ баладан да бұрын әлдекімнің тауып, білуі де абден мүмкін ғой. Аспан асты, Арқаның даласы кең. Басы-қасында тұрмаған соң, әрі бүгінгідей қағазға жазып, киноға түсіріп алушылар жанында болмаған соң, бір құдайым білер дегеннен басқа не деуге болады. Солай десек те, тарихта баршаның маңдайы жарқырап, мәңгілікке қалудың бақыты әркімге тие бермейтінін де ескеру қажет. Тарихтың, тағдырдың таңдауы Апақтың үлесіне тисе, оған таусылып, бүлінудің де, мәселені басқа арнаға бұрам деп бос далбаса болудың да ендігі күнде қажеті жоқ. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» демекші, әлемнің екінші ғарышкері атанған Герман Титов өзінің бірінші ғарышкер болмағанына өкініп өткен деседі. Болашақ ғарышкерді таңдаудың ең соңғы сәті туғанда, яғни ел басшысының алдына келгенде, Хрущевтің іріктеуіне ұсынылған үш адамның бірінің фамилиясы, келесісінің есімі ұнамаған екен, Есімінің Герман болуынан Титов ғарышқа тұңғыш түрен салудан қағылған деседі. Сондай-ақ Американы алғаш ашқан Христофор Колумб деп келсек, одан бұрын да Америка құрлығына табаны тиген ақ нәсілділер болған көрінеді. Міне, соның өзінде де тарихтың таңдауы Колумб болды, ол ұрпақтан ұрпаққа Америка құрлығын алғаш ашушы адам ретінде таныла бермек. Адам баласының болмысынан

тыс күштің барын дәлелдеушілер де бар. Сонда Арқа өңіріндегі көмірді алғаш тапқан адам ретінде Апақ деген бала есімінің тарихқа енуі де ғажаптың ісі десе болғандай. Көмірдің қара болатынын білеміз, ал иен далада көмірді табушы неге кешегі Қойшыбай, Темірбайлар есімі тәріздес басқа «-байлар» немесе Кәдірбек, Сәдірбек дегендей «-бектер» : болмаса қазіргі Қанат, Самат, Мараттар емес, неге Аппақ есімді бала (тек бертін ғана Апақ деп жазып жүрміз) болды екен. Ал енді ғажайыпқа сенбей көріңіз. Тіпті «қара, қап-қара» деген сөзге қарама-қарсы «ақ, аппақ» деген сөзді, атауды әдейі таңдап алып тұрғандаймыз, сондықтан да болар Қарағандының қара көмірін Апақ есімді бала тапты дегенді басқалар емес, өзіміз кешегі Кеңес кезеңінің ойдан құрастырылып, қолдан жасағаны болар деп топшылағанымыз да рас қой.

Апақтың Қарағанды көмірін тұңғыш табушы болғанына дүдәмал келтіруші өлкетанушы Әубәкіров халық ауыз әдебиетінде, болмаса Совет орныққан кездегі ақындар айтысында Апақ есімі неге жырға қосылмады дегенді айтады. Бұл жерде қазақтың кешпелі өмір сүргенін, оның тұрмысы энергия көзі ретінде көмірді жоғары деңгейде бағалай қоймағанын да ұмытпау керек. Ал одан кейін қалай демейік, Қарағанды көмірінен революцияға дейін қазақ игілік көре қойған жоқ. Қайта сахараның бір қалыпты, мамыражай тіршілігі Еуропа алпауыттарының келуінен, патша өкіметінің зымиян саясатынан зардап шекті. Ал одан кейінгі жылдарда ашаршылық, Сталиндік қуғын-сүргін халықтың еңсесін басып, зәрезап етті. Совет тұсында республика көлеміндегі ірі айтысты қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарағандыда ұйымдастырды. Ал, бұл Апақты жатып келіп мақтап, жырға қосатын уақыт емес еді, кешегі отыз жетінің зұлматы саналарында беріш болып қалған шақта айтыс ақындары қайдағы бір Апақ, деген баланы айтып, басымыз пәлеге қалғанша, жер қопарып, кен қазғандарды, баршаны соған жұмылдыра білген, адамзаттың данышпаны ұлы Сталинді өз жырларына арқау ету әлдеқайда қисынды деп білді. Кімнің «ұлтшыл» болғысы келсін, заманның ағымына орай байқап сөйлеуді ол кезде кімнің болмасын әбден түсініп қалған кезі еді ғой.

Апақ Байжанұлының немересі Тұрсын Омаров өз атасының Қарағанды көмірін алғаш табушы адам болғанына дүдәмал келтірушілердің сыпсың сөзі сонау 80-жылдардың басында қылаң бергенін айтады. Сол кездегі әредік естіліп қалатын сөз, кейін ойдағыны айтуға еркіндік берген 90 жылдың басынан бұқаралық ақпарат беттеріне, одан бертінірек көгілдір экранға шыға бастаған. Әрине, оны айтушылардың бәрі езіміз жоғарыда айтқандай тарихымызды дұрыс тани білейік, дүдәмал жайлар болса соның аныққанығын көп болып, ақылдаса табайық десе бір сәрі, әлдебір көсемсігендердің көкейінде көмірді қазақ тапты дегенді ұнатпаушылықтың табы жатқанын да аңғарасың. Тағы біреулердің сенсация үшін елді дүрліктіріп жатқанын көресің.

Қапай демейік, дүдәмал болып, әй осының өзі қалай демес үшін қолда нақты дәйек болғаны шарт. Ал Ғабеннің романында айтылыпты, Ракитин деген Одақтық журналға басыпты ғой, одан қалды Дәулетбаев пен Асылбеков отызыншы жылдың басында жазды емес пе, дегенмен алып-қашпа сөзді құрықтай алмаймыз. Себебі осы дауды бастап отырғандардың да тарихи шындықтың неге сүйенетіндігінен хабары бар. Олар нақты деректі, тасқа басылған фактіні қажет етеді.

Түрсекеңнің айтуынша ондаи қағаз өткен ғасырдың басында Байжан ұрпағының қолында болғанға ұқсайды. Алайда алма-ғайып заман, елдің қараңғылығы өкінішке қарай құнды құжаттың жоғалуына әкеліп соққан.

Көпес Ушаковтың өзі бас болып көмір кенішін тапқан адамға арнайы сый да берген көрінеді. Ресей кен барлау басқармасының арнайы бұйрығымен қазба байлықты тапқан адамдарға арнайы ынталамдыру сыйлығы тағайындалған. Сонын нәтижесі деу керек, кен көзін табушы ретінде Байжанұлы Апаққа жыл сайын 1 қадақ шай, 5 қадақ (фунт) қант, 3 пут ұн, соған қоса 40 сом ақша беріліп тұрыпты.

Бұл туралы сол отызыншы жылдары Дәулетбаев жазған екен. Егер шын мәнісінде осы шаралар кезінде жүзеге асқан болса Байжан ұрпағы сақтай алмаған құжаттардың Ресей архивтерінде, соның ішінде сол кездегі губерния орталығы саналған Омбыда сақталуы әбден мүмкін, Орайы келгенде айта кетейік, жалпы облысымызға, қаламызға қатысты, әрі дүдәмал болып көрінетін жайларды осы заманғы Қазақстан тарихын шиырлап жүрген ғалымдарымыздың зерттеп, аңызы қайсы, ақиқаты қайсы екенін елге уғындырып отырғаны жөн болар еді.

Осы орайда буқаралық ақпарат құралдары беттерінде бірнеше жылдан бері сөз етіліп жүрген мәселе жайлы тарихшы-ғалымдардың жақ ашпай жүргені өкінішті.

Ел арасында Апақ туралы алып-қашпа сөздер шыға бастаған сол 80-жылдардың басында сол кездегі Талды ауаткомы төрағасының орынбасары қызметінде жүрген Апақтың немересі Тұрсын Омаров мұрындық болып Мәскеуге, сол кездегі СССР Геология министрлігіне сауал жолдап, соған жауап алыпты. Кен орындарын алғаш ашушылар ісі жөнінде Орталық комиссия төрағасы қол қойған сол жауап хатта Қарағанды көмірін алғаш ашушы тас көмірді суыр інінен 1833 жылы тапқан бақташы Апақ Байжанов болып табылатындығы айтылады. Осы хаттың көшірмесі бүгін баспасөз бетінде алғаш жарияланып, ел назарына тұңғыш рет ұсынылып отыр. Осы хатты оқыған соң құр байбалам салып, ел санасына қонақтап, тарихқа айналып кеткен мәселеге күдікпен қарайтын ағайындардың өрекіген көңілі басылар дейміз. Әйтсе де, Апақ Байжанов туралы фактілерді тарихи құжаттармен әлі де нақтылай түсу тарихшы ғалымдарымыздың, сол сияқты облыстық мемлекеттік архивтің, облыстық мұражайдың төл парызы деп білеміз. Тек қолда барды ғана қанағат етпей, облыс, өндірісті өңір жайлы кененің көзі, құнды жәдігерлерді ел ішінен ғана емес, уақыт і оздырып алмай алыс-жақын шеталдерден де жинастырғанымыз жөн.

**Ермағамбет Лұқпан,  
Қазақстан Журналистер  
одағының Ә.Бөкейхано  
атындағы сыйлығының  
лауреаты**